

Следует отметить, что мужчина может дважды развестись с женой таким вот образом и такой развод в исламской религии называется «риджи». Если же мужчина в третий раз разведется со своей женой, то уже не сможет восстановить с ней брак. Для того чтобы вновь на ней жениться, та должна выйти замуж за другого человека. И лишь после развода с ним, она может вновь вернуться к прежнему мужу, который трижды разводился с ней.

По обычаям ислама, женщина также может выступать в роли инициатора развода. Женщина может развестись лишь в двух случаях.

1) Если муж не может выполнить своих мужских обязательств. Не может оплатить башлык, определенный в брачном договоре или же не может материально обеспечить жену.
2) если муж выйдет из исламской религии, или же бесследно пропадет, и от него не будет никаких известий. Также, женщина имеет право быть инициатором развода, если выявятся физические недостатки мужа, которые не были неизвестны ей (скрыты от нее) до заключения брака [6].

Итак, в отношении к женщине система социально-духовных ценностей ислама опирается на исламские каноны, на моральные и общественные ценности, на многовековую историю законодательства, что в свою очередь показывает ее равноправие во многих социально-экономических областях с мужчинами. Жесткие нормы замкнутой формы проживания для женщины расцениваются как высший идеал женской чести, пристойности и достоинства. Факт противопоставления женщины мужчинам в вопросах брака и семьи, в имущественных делах еще раз подтверждает ограниченность их прав. Следует отметить также, что на протяжении веков существовала традиция подчинения женщины мужчине, которая не была связана только лишь с религией. В этом вопросе религия выступает вместе с другими формами общественного сознания. По отношению к женщине в исламе, по сравнению с другими религиями, система социально-духовных ценностей отличается гуманизмом и защитой женских прав. Однако, исламская религия отрицает равноправие женщины и мужчины и, также как и христианство и иудаизм, связывает повиновение женщины мужчине с божественным повелением.

-
1. Гоббс Т. Левифан. - М.: Просвещение, 1936. - 495 с.
 2. Крачковский И.Ю. Коран. - М.: Восточная литература, 1983. – 512 с.
 3. Мусульманское право. Структура и основные институты. М.: ЦГПАН, 1984. - 145 с.
 4. Махматинский М. Перед анафемой //Новое обозрение. - 14 июня, 1991. – С. 3-4.
 5. Кочентов А.Н. Буддизм М.: АМИГО, 1968. - 175 с.
 6. Шайдулина Л.И. Арабская женщина и современность. Эволюция ислама и женский вопрос.- М.: Наука, 1978. – 200 с.

Бұл мақала ер адам мен әйел адам арасындағы қатынастың дінаралық бірлігін қарастыратын Исламдағы гендер мәселесін зерттеуге арналған. Сонымен қатар, жүз жыл бұрынғы қоғамдық құрылым мен қоғамдардың діни бағдарынан тыс отбасында және азаматтық қарым-қатынастарда әйел адам статусының және құқығының белгілі бір мөлшерде шектелуі тағы бір дәлелденген.

Gender problems in Islam, inter-religious unity in approach to relations between man and woman are discussed. Analysis of woman status in the family, in the context of limitation of her rights in relation to religious orientation of the society is presented.

А.С. Айдарбекова

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢСІЗДІКТІҢ ӨНДІРІСТІК ФАКТОРЛАРЫ

XX ғасырдың соңы жылдарында көптеген индустриалды дамыған және дамушы елдерде әйелдердің абсолютты әлеуметтік мәртебесі сезінерліктей жақсара түсті, бірақ көптеген

дәлелдемелер гендерлік теңсіздіктің сақталып келетіндігін және дамуға мақсатталған стратегияның тиімділігіне айтарлықтай әсерін тигізіп отырғанын дәлелдеп отыр. Осыған байланысты бүгінгі таңда әлемдік қауымдастықты БҰҰ-ның алдында гендерлік тепе-теңдік теңдіктің жалпы тұжырымдамасын құрайтын ажырамас бір бөлік ретінде бағалайды [1].

Тұңғыш рет гендер (тек) ұғымын ғылыми тіркеске американдық психоаналитик Роберт Столлер 1968 жылы енгізді, бұл сөзді өзінің “Жыныс және гендер” кітабының атына қолданды. Ол былай жазады: “Сөздіктер “жыныс” сөзінің негізгі мағынасы биологиялық деп айтады, мәселен, “жыныстық қатынастар” немесе “еркек жынысы” сөз тіркестеріндегі сияқты. Осы мағына бойынша “жыныс” сөзі осы жұмыста еркек немесе әйел дегенді және адамның еркек немесе әйел болып табылатынын анықтайтын тиісті биологиялық органдарды білдіреді. Алайда бұлардың тікелей биологиялық мағынасы жоқ. Осы психологиялық құбылыстардың кейбіреулері үшін біз “гендер” терминін пайдаланатын боламыз: еркек немесе әйел жынысы туралы айтуға болады, бұл ретте анатомия мен физиологияға жататын ештеңе ескерілмейді”.

Әлемдік қауымдастықтың БАҚ рөлінің қамданушылығы тәжірибеде гендерлік теңсіздік ойларының алға жылжуы адам құқығы мен ұлттық заңды нормативтер бойынша халықаралық құжаттарда айтарлықтай көлемде өз бейнесін тапты. Бірақ, еркектер немесе әйелдер бағасын әлеуметтік топ ретінде дискриминациялау мен қорлаудан тұратын ойлар өмірде кездесіп отырады [2]. Сексизмнің пайда болуы адамдардың жынысы мен үндеуіне қарамастан абыройы мен қадір-қасиетін сыйлау қағидасының артикуляциясын кәсіби әлеуметтік қауымдастық жағынан қарсы әрекеттерді кездестірмейді, кәсіби стандарттарға сәйкес экстремизмге және азаматтық құқығын шектеуге қарсы әрекет етеді.

Әйелдердің білімділік деңгейінің еркектерден гөрі едәуір асып түсетініне (халық санағының нәтижелері көрсеткендей) қарамастан, экономика салалары бойынша жалданып жұмыс істейтін адамдардың жалпы санында әйелдердің анағұрлым төмен үлесі байқалады. Мәселен, 1995-1999 жж. әйелдер жалданып жұмыс істейтіндердің 45,6-дан 47,0-ге дейінгі; 2000 жылы 42,2 % құрады. Жалданып жұмыс істейтін әйелдердің 2000 жылғы ең көп саны анағұрлым төмен жалақылы салаларда шоғырланды – білімде (75,3 %), денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсетулер саласында (79,2 %), қонақүйлер мен ресторандарда (68,8 %). Салыстыру үшін, жалданып жұмыс істейтін еркектердің көпшілігі мемлекеттік басқаруда (77,4 %), құрылыста – 82,7 %, өнеркәсіпте – 69,1 %, өндіріс пен электр энергиясын, газ, су бөлуде – 72,3 %, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларда, жалға беру мен қызмет көрсетулерде – 60,8 % шоғырланған. Жалпы әйелдер жалақысының еркектер жалақысына ара салмағы 1999 жылы 67,6 %-ды, 2000 жылы 61,5 %-ды құрады. Бұл ара салмақ (арақатынас) жалданып жұмыс істейтін әйелдердің анағұрлым төмен жалақылы салаларға шоғырлануларымен ғана емес, сонымен бірге олардың жалақыларының еркектердің жалақыларымен салыстырғанда экономикалық әрекеттің барлық түрлері бойынша анағұрлым төмен екендігімен анықталады. Мәселен, өнеркәсіптегі осы ара салмақ 2000 жылы 70,6 %-ға, қаржы қызметінде – 60,4 %-ға, мемлекеттік басқаруда – 78,4 %-ға, білімде – 89,2 %-ға тең болды. Еңбекақыдағы гендерлік теңсіздікке себепші болатын факторлар: - әйелдердің жұмыспен қамтылудағы салалық құрылымдардың сәйкессіздіктері мен деформациясы, соның нәтижесінде әйелдер көбіне төмен жалақылы салаларда жұмыс істейді; - кәсіптік сегрегация – бір салада жұмыс істейтін әйелдер мен еркектердің еңбекақыларындағы айырмашылық, олардың басшылық жұмысқа нақты мүмкіндіктерінің шектеулілігі; - Қазақстанда қос секторлы үлгіні қалыптастыру және әйелдерді қосалқы секторға ығыстыру. Сонымен, жаңғыртылған елдерге тән жұмыспен қамтуды феминизациялау (әйелдердің экономикада өсуі) үдерісі әйелдерді экономиканың төмен ақы төленетін, елеусіз және тұрақсыз сегменттеріне ығыстырумен қатар жүргізіледі. Арзан және жылжымалы әйел жұмыс күші табиғи және ресурсты ұлғайтатын құбылыс ретінде қабылданады.

Қазақстан қоғамында дискриминацияның барлық түрлеріне, соның ішінде әйелдер қатынасының дискриминациясына құқықтық-нормативтік қарсы әрекет етуді

камсыздандыру қауымдастығы әлемдік деңгейде толық дамыған сексистік материалдардың пайда болуы мен шығарылуының себебін білу үшін, әлемдік қауымдастықтың талаптарына сәйкес бойынша отандық құқықтық-нормативтік базамен гендерлік сараптама жасау қажет. Келесі қажетті қадам қазақстандық құқықты қолдану тәжірибесінің ерекшеліктерін шығару болып табылады.

Социологияда гендер мәселесі әр түрлі тұрғыда қарастырылады, жыныстың биологиялық және әлеуметтік санат ретіндегі зерттеу мәніне әсері мәселесіне айрықша назар аударылады (мысалы, сайлаушылардың мінез-құлқын, тәрбие, еңбек және т.б.). Егер қандай да бір ерекшелікті айқындау мүмкін болса, онда оны гендерлік топтар арасындағы (әйелдер мен ерлер) айырмашылықтардың нәтижесі деп санайды. Егер ерекшеліктер табылмаса, ерлер мен әйелдер арасында түбірлі айырмашылықтар болатындығы туралы жалпы көзқарасты өзгертпегенімен, жыныс/ гендердің аталған айнымалыға әсер етпейтіндігі туралы тұжырым жасауға болады [3].

Атап айтқанда, «жыныстың стратегиялық жүйесін» біздің кім әйел ме немесе еркек пе, қыз ба немесе ұл ма болуымызды - гендер нұсқап көрсетеді. Адамдар әйел немесе еркек жынысында туғаннан кейін, әйелдер енжар, ал еркектер белсенді рольдерге бөлінген күрделі жүйеге тап болады. Сонымен сатылық қатынас негізінде белсендінің (еркек) мәні әрқашан енжардан (әйел) жоғары тұрады (с. Де Бовуар). Социумде еркектің әлемі - бар әлем, әйелдің әлемі - үй деген мағынадағы, патриархаттық парадигма қалыптасқан (грек. *paradeigma* - мысал, үлгі, модель). Әйел мен еркектің әлеуметтік қажеттілік рольдері өздеріне сәйкес белгіленіп қойған (гендерлік ролдері). Әйелдердің құқығы мен адам өркендеуі жаңа мыңжылдықтың ең маңызды әлеуметтік проблемасы болып табылады. Осы уақытқа дейін бірде бір қоғам өзінің барлық мүшелерінің құқықтық правосын толық тең жүзеге асыра алмаған. Әлеуметтік топтарға жіктелмеген, өзінің барлық мүшелеріне нақтылы теңдік беретін қоғам – ол адамзаттың қиялы.

Қазақстан халқының тең жартысы әйелдер, сондықтан олардың проблемалары әлеуметтік жағынан өте мәнді, өйткені табиғат берген қасиет арқылы әйелдер дүниеге жас ұрпақты әкеледі. Мұндай әлеумет қалыптастырған тәуелдік әйел адамның тұрмыстық халының бала өміріне тікелей әсерін тигізеді. Әйелдердің күнделікті тұрмысы қоғамға өте зор ықпал жасайды, және де әйелдің дамуы және өркендеуі бүкіл адамзаттың дамуының көрсеткіші болып табылады.

Нарықтық экономикаға көшу кезеңінде әйелдер кедергілері мен мүмкіндіктері мол өзгеше бір жұмыс күйіне тап болды. Бұл жағдайда әйелдер бәсекелік күреске түсуге мәжбүр болды, өйткені тұрақты мемлекеттік жұмыс орындарының саны күрт азайды, жаңа альтернативтік жұмыстар пайда болды; кәсіпкерлік, жалданып істеу және контракт бойынша белгілі бір мерзімге дейін жұмыс істеу. Бірақ біздің қоғамда қалыптасқан көзқарасқа қатысты ер адам - өз отбасының асыраушысы, ал әйелдер отбасы ошақ қасында жаңа буынның тәрбиесімен шұғылдануы керек, мемлекет тарабынан жанұяға көмек көрсетілуі керек [4].

Әйелдердің қызметте өсу жолындағы көзге көрінбейтін тосқауылдар. “Шыны меже” термині ХХ ғасырдың 70-ші жылдарында пайда болды және ол көзқарастар мен ұйымдық практикада сіңген қате түсініктердің “көзге көрінбейтін” кешенін білдіреді, ол жоғары басшылық орындарға әйелдердің көтерілулеріне кедергі жасайды. 1990-шы жылдары осы ұғымға “шыны дуалдар (қабырғалар)” термині қосылды, ол әйелдерге қатысты қызмет саласын шектейтін алдын ала пішілген гендерлік теріс ұғымды білдіреді, әйелдер сонда да болса стратегиялық мәні шамалы, демек, маңызы азырақ салалардың басшылары болады. Осы терминдер мына фактіні дұрыс көрсетеді, директивті деңгейдегі жауапты қызмет орындарын алу үшін әйелдерге жасалатын кедергілер көбіне айқын емес болады да, сол себепті оған қарсы ресми түрде де, бейресми түрде де күрес жүргізу қиын болады. Осындай кедергілер қызметкерлер арасында еркектер санының жай көпшілік басымдығы, жазылмаған қағидалар, дәстүрлер мен мінез-құлық нормалары, көп жылдар бойы қалыптасқан байланыстар мен қарым-қатынастардың жиынтық нәтижесі, сондай-ақ қоғамдағы еркектер мен әйелдердің ролі туралы ежелгі және терең тамырлары бар түсініктер болса керек.

Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің бүкіл әлемде орын алатын көріністері қабылданатын шешімдерді іске асыруда өмірдің барлық салаларына гендерлік тәсілді енгізу қажеттілігінің маңызын арттырады (мэйнстриминг). Соңғы кездерде халықаралық ұйымдардыңарнайы бөлімшелерінде осы ұғым өзекті ұғымға айналып келеді. Мэйнстриминг (ағылшынша *mainstreaming* – *main* – басты (негізгі), *streaming* – бағыт, бағдар) дегенде гендерлік теңдік проблемасын саясаттың барлық салаларына барлық – жергілікті, муниципалды және ұлттық деңгейлерде инкорпорациялау және оны шешуге арналған шаралар әзірлеу ұғынылады. Осы ұғымға мэйнстриминг (ағылшынша *malestreaming* – *male* – еркек, еркекке тән, *streaming* – бағыт, бағдар) ұғымы қарсы тұрады, ол қазіргі заманғы өркениет жетістіктерін бағалаудағы еркектердің үстем дискурсын және экономика құрудың еркекке тән тәсілін білдіреді. Гендерлік балансталған саясат қоғамдық басқарудың еркекке қатысты (“male”) бағдарларын ығыстыру арқылы негізгі (“main”) бағдарға айналуы тиіс.

Гендерлік факторларды есепке алу және жыныстардың тең құқықтылығын қолдау тәсілінің пайдасына шешілетін дәлелдер (аргументтер) гендер мен адам дамуының өзара байланысын көрсетеді.

1. Әділдік және теңдік: демократиялық принциптер мен адамның негіз қалаушы құқықтары жыныстар теңдігін талап етеді;

2. Сенім білдіру және жауапкершілік: халықтың тең жарымы еркектерден және тең жарымы әйелдерден тұрады, және қос жынысқа лайықты түрде назар аудармаған кез келген саясат немесе деректер, түпкі нәтижеде залалды болады және сенімін жоғалтады.

3. Тиімділік және орнықтылық: қоғамның дамуы мен тыныс-тіршілігінің барлық аспектілеріне еркектерді де, сондай-ақ әйелдерді де бірдей қатыстыру жалпы бүкіл елдің пайдасына шешіледі; жыныстардың теңдігін қамтамасыз етуге жұмсалған салымдар өтеледі, ол келешекте бүкіл елге пайда келтіріп, елді адамның орнықты даму жолымен ілгері бастырады.

4. Тұрмыс сапасы: жыныстар теңдігін қамтамасыз ету еркектердің де, әйелдердің де тұрмыс жағдайларын жақсартуға мүмкіндік жасайды.

5. Тізбекті реакция: жыныстар теңдігі артықшылықтардың “тізбекті реакциясына” жетелеуі мүмкін, теңсіздіктің салдарлары да сондай-ақ жеке адамдардан отбасыларға және қоғамға ауысуы (берілуі) мүмкін.

Білім беру жүйесіндегі гендерлік теңдіктің стандартты өлшемі ұл балалармен салыстырғанда мектепке қабылданған және мектеп бітірген (барлық деңгейлерде) қыздардың саны болып табылады. Білім жүйелеріндегі нақты көріністі алу үшін бұл көрсеткіш жеткіліксіз болады. Көптеген елдер ұл балалар мен қыздарды оқуға қабылдаудағы балансқа қол жеткізді, бірақ гендерлік теңсіздік проблемасы осы уақытқа дейін шешілген жоқ. Білім саласындағы гендерлік проблемалар:

- білім жүйесіндегі басқарушылық харекеттерін көбіне еркектер еншілейді; - мұғалімдердің жыныстық сәйкессіздігі (әйелдер санының басымдығы және еркек мұғалімдердің, әсіресе бастауыш мектеп деңгейінде жетіспеушілігі); - мектеп бағдарла маларындағы, пәндеріндегі жыныстық сегрегация (бөлу), ол алдағы уақытта еңбек нарығындағы сегрегацияға ұшыратуы мүмкін; - төмен сыйақы, соның салдары ретінде беделді емес (лайықсыз) жұмыс; - мектеп бағдарламаларында гендерлік стереотиптерді (таптаурындарды) жаңғырту.

Білім саласындағы гендерлік теңдіктің стандарттық өлшемінен басқа (қыздар мен ұл балаларды бастауыш және орта біліммен қамту) білімдегі гендерлік теңдіктің жай-күйі туралы анағұрлым объективті ақпарат алу үшін өзге де көрсеткіштерді талдау қажет.

- мектеп оқуының барлық деңгейлеріне қабылдау кезіндегі жыныстардың ара салмағы (бастауыш, орта, кәсіптік, жоғары сыныптар), гендерлік алшақтықтардың себептері, әлеуметтік мәртебенің ықпалы;

- бастауыш, орта және жоғары сыныптардағы барлық пәндерге қабылдау кезіндегі жыныстардың ара салмағы (пәндерде жыныс бойынша сегрегация бар ма);

- барлық деңгейлердегі оқуды бітіргеннен кейінгі жыныстардың ара салмағы (жасөспірімдер мен бойжеткен қыздардың оқу бітірмеу себептері);
- оқытушылар құрамындағы еркектер мен әйелдердің ара салмағы;
- білім саласындағы жоғары басқарушылық орындардағы еркектер мен әйелдердің ара салмағы (жалақымен, беделмен байланыс);
- мектеп басқармалары мен ата-аналар жиналыстарына қатынайтын ата-аналар арасындағы еркектер мен әйелдердің ара салмағы.

Адам дамуы индексі де сондай-ақ өмір сүру ұзақтығы мен денсаулық жөніндегі БҰҰ БасАссамблеясы 2000 жылы мыңжылдық Декларациясын қабылдады, оған Қазақстанды қосқанда, 191 ел қол қойды. Мыңжылдық Декларациясында бүкіл адамзат баласының алдында тұрған 18 ортақ міндет белгіленді, олардың екеуі білім проблемаларына арналған. 3-міндет: 2015 жылға қарай бүкіл әлемнің балаларына, ұл балалар мен қыздарға тең дәрежеде, толық көлемдегі бастауыш мектеп білімін алу мүмкіндігін қамтамасыз ету. 4-міндет: 2005 жылға қарай қос жыныстағы балаларды бастауыш және орта біліммен, ал 2015 жылы – барлық деңгейлердегі біліммен толық және тең құқықты қамтуға қол жеткізген абзал. көрсеткіштер арқылы есептеледі. Болжалды өмір сүру ұзақтығы мен денсаулық жөнінде гендерлік айырмашылықтар бар, осы айырмашылықтар әлеуметтік, экономикалық, мәдени және өзге факторларға негізделеді. Солардың кейбіреулері: - бүкіл дүние жүзінде әйелдер еркектерден ұзақ өмір сүреді. Әйелдердің болжалды өмір сүру ұзақтығы еркектерге қарағанда орта есеппен 7 жасқа артық (бүкіл әлем бойынша шамамен алғанда биологиялық 5 жас айырмашылықпен салыстырғанда);

- денсаулық сақтаудың осы заманғы жетістіктері (бала туудың жоғары деңгейінің, аналар өлімінің азаюы, контрацептивтік мәдениетті дамыту) әйелдердің мүмкіндіктерін едәуір ұлғайтты;

- экономикалық және саяси өмірдегі гендерлік теңсіздіктің көріністері: әйелдер үй шаруашылығына байланысты ақы төленбейтін қызмет түрлеріне анағұрлым көп уақыт бөледі, еркектер қоғамдық өндірістегі ақы төленетін қызметке көбірек уақыт жұмсайды;

- еңбек рыногында деңгейлес кәсіптік сегрегация орын алады (еркектер мен әйелдерді экономика мен мамандық (кәсіп) бойынша әркелкі бөлу) – дәстүрлі “әйел” мамандықтарына (кәсіптеріне) бір сатыға кем ақы төленеді және олар қоғамдағы беделге ие емес;

- қаржы несиелеріне әйелдердің шектеулі мүмкіндігі;

- еркектермен салыстырғанда әйелдер арасындағы жұмыссыздықтың анағұрлым жоғары деңгейі;

- “шыны меже (төбе)” феномені, соның салдарынан, мәселен, әйелдер саясатта еркектерге қарағанда анағұрлым аз ұсынылған.

Қорыта келе, менің ойымша, қоғамдағы гендерлік теңсіздіктің ұдайы өндірісіне сәйкес келетін негізгі факторларын атап өтейін. Бұл: біріншіден, гендерлік тақырыптардың толық ашылмауы, гендерлік сезімнің төмендігі; екіншіден, қазіргі заман әлеуметтік қауымдастықтағы кәсібилік пен этикалық нормалардың стандарттарының жалпы мойындалмауы және қоғамдағы дискриминация мәселелерін тиімді реттеуді дұрыстауды жүзеге асыру механизмі; үшіншіден, халықаралық анти-дискриминациялық келісімнің жүзеге асу механизмі ұлттық заңды деңгейде жасалуы, сонымен бірге қызметтің әртүрлі аспектілерін құқықтық реттеумен қамсыздандыру жеткіліксіз болып отыр.

1. Воронина О.А. Феминизм и гендерное равенство. - М.: Едиториал УРСС, 2004. 370 с.

2. Воронина О.А. Свобода слова и стереотипный образ женщины в СМИ. // Знамя. - М.: Наука, 1999. - №2. – С. 56-62.

3. Коновалов С.А., Топаева М.Т. История гендерного неравенства. (учебно-методический комплекс по курсу «Введение в теорию гендера».) Вып. III. – Алматы: Рауан, 1999. – 270 с.

4. Бектурганова Б. Мониторинг по соблюдению политических прав женщин в Республике Казахстан. Отчет по результатам проекта, выполненного Республиканским движением «Женщины Казахстана» в рамках Женской программы «Сорос-Казахстан». – А.: ОМЕГА, 2001. – 138 с.

В статье рассматривается проблема дискриминации мужчин и женщин, факторы гендерного неравенства казахстанского общества.

Discrimination of men and women and factors of gender inequality in the Kazakhstani society are considered.

*М.Ф. Пузиков,
Ма Джин Юй,
Я.И. Рябов*

СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЙ ПОРТРЕТ ДЭН СЯОПИНА– ВЫДАЮЩЕГОСЯ ПОЛИТИЧЕСКОГО И ГОСУДАРСТВЕННОГО ДЕЯТЕЛЯ КИТАЯ

Родился Дэн Сяопин 22 августа 1904 года в селе Пайфан провинции Сычуань в семье местного землевладельца. Его отец Дэн Вэньмин, сознавая значение образования, записал своего сына в одну из лучших школ Цунцина на подготовительные курсы. И Дэн Сяопин закончив ее, уехал в Европу.

В далеком Париже юноша упорно повышает свой образовательный уровень. Денег из дома и правительственной стипендии хватило ненадолго. Ему приходилось в поте лица зарабатывать себе на жизнь. В те годы, узнав жизнь с разных сторон, Дэн Сяопин принимает решение, определившее всю его дальнейшую судьбу. В Париже в 1922 году он вступает в социалистический союз молодежи Китая, затем в 1924 году - в европейское отделение Компартии Китая. Живет вместе с Чжоу Эньлаем. Тогда и родилась, видимо, их прочная дружба. Она не раз потом выручала Сяопина из труднейших перипетий политической борьбы, служила мощным подспорьем в отстаивании своих взглядов.

Начал он с распространения листовок среди китайских рабочих во Франции под шутилкой кличкой «доктор Мимеограф». Затем быстро проявляет себя отнюдь не «маленьким» организатором и подпольщиком. 20 января 1926 года французские власти решили выслать Дэн Сяопина из страны. Его обвиняли в организации покушения на Хо Луци, вожака другой китайской молодежной организации во Франции. Через Берлин Дэн Сяопин уже уехал в Москву.

Годы, проведенные во Франции, определили жизненный путь Дэн Сяопина, с этого момента он стал профессиональным революционером. До сентября 1926 года Дэн Сяопин находился в Москве, где учился в Университете имени Сунь Ятсена. В нем обучалось много его соотечественников. В это время стихли революционные волны в Европе, а на Дальнем Востоке они, наоборот, набирали силу. Вернувшись на родину, Дэн Сяопин становится подпольщиком. Находится в гуще событий, приобретает опыт политработника, военного дипломата. В гражданскую войну молодой Дэн участвует в Великом походе Красной армии, в антияпонской освободительной войне разрабатывает вместе с военачальниками НОА победоносные операции [1].

1952-1954 годах Дэн Сяопин входит в состав Государственной плановой комиссии. Создается впечатление, что его ожидает руководящая роль в высших государственных органах власти. Он - член комиссии по подготовке первой Конституции Китайской Народной Республики. Общая организация и подготовка выборов в парламент - Всекитайское собрание народных представителей – связаны, прежде всего, с именем Дэн Сяопина: он - Генеральный секретарь Центральной избирательной комиссии. После реорганизации государственных органов в 1954 году Дэн становится одним из заместителей премьера Государственного совета - правительства, одновременно - заместитель председателя Центрального военного совета [2].